**«Жетісу облысы білім басқармасының Көксу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балауса» бөбек жай-балабақшасы КМҚК**




«Балауса» бөбекжай-жай балабақшасының іргетасы 1966 жылы кірпіштен қаланып, 2011 жылдың қараша айында ескі мектеп ғимараты күрделі жөндеуден өткізіліп, қолданысқа берілді. Балауса» бөбекжай-балабақшасы «Балапан» бағдарламасы аясында ашылып, өзінің алғашқы тәрбиеленуші бүлдіршіндерін 15 қарашада қабылдады. Балабақша сыйымдылығы 75 орындық, үш топ жұмыс жасайды. Үш топта 75 бала тәрбиеленуде. Олар «Күншуақ» ересектер тобы, «Балдырған» ортаңғы тобы, «Балапан» кіші тобы.

Қазіргі кезде 25 қызметкер, 11 педагог маман оның ішінде педагог-сарапшы санатындағы -2педагог, педагог-модератор санатындағы - 4 педагог. Жоғары білімді -9, арнаулы орта -2. және 14 техникалық қызметкер жұмыс жасайды.Балабақшада жабдықталған, ән-саз залдары, меңгеруші, шаруашылық меңгерушісі,медбике бөлмесі, әдіскер кабинеттері жұмыс істеуге қолайланып жабдықталған. Балабақша аумағында гүл бақтары, ойын алаңдары бар.

Атаулы әлеуметтік көмек алатын 3 отбасында 4 бала балабақшаға тегін қамтылып отыр.

Жоспар бойынша ашық есік күндері, ертеңгіліктер мен мерекелік іс-шаралар,педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, балабақша ішілік семинарлар, жоба жұмыстары,мектеппен сабақтастық, өндірістік жиналыс, әкімшілік жиналыстар өткізілуде. Сонымен қатар тіл мерекесі, рәміздер, рухани жаңғыру және сыбайлас жемқорлық та жоспар бойынша жүргізілуде.

Балабақша меңгерушісі Э.Тауханова